

**Еңбекшілдер ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 шілдедегі № С-3/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 тамызда № 5502 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № С-22/10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 29.03.2018 № С-22/10 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Р Қ А О - н ы ң                            е ск е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес, Еңбекшілдер аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Қоса беріліп отырған Еңбекшілдер ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат  
хатшысының міндетін атқарушы*

**"КЕЛІСІЛДІ"**  
*Еңбекшілдер ауданының әкімі  
"22" шілде 2016 жыл*

*A.Бочковский*

*I.Магерко*

*A.Қиықов*

**Еңбекшілдер аудандық  
мәслихатының  
2016 жылғы 22 шілдедегі**

## **Еңбекшілдер ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

1. Осы Еңбекшілдер ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген, Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді.

### **1. Жалпы ережелер**

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Еңбекшілдер ауданы әкімінің шешімімен құрыллатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Ақмола облысының статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шакқандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – "Еңбекшілдер аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы " коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалы – "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы"

департаменті Еңбекшілдер аудандық бөлімшесі";

9) участелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Еңбекшілдер ауданының ауыл, селолық округтер әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалар Еңбекшілдер ауданының аумағында тұрақты тұратын тұлғаларға тарапады.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде уәкілетті орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктер немесе тиісті банктік операциялар жасауға лицензиялары бар ұйымдар ақшалай түрде, алушының есеп шоттарына аудару арқылы ұсынылады.

7. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын) көрсетіледі.

8. Әлеуметтік көмек көрсетілетін атаулы және мереке күндерінің тізбесі:

1) 9 мамыр - Женіс күні;

2) 1 қазан - Қарттар күні;

3) қазанның екінші жексенбісі - Қазақстан Республикасының мүгедектер күні.

2. Санаттар тізбесі және әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері

9. Әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына беріледі:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне женілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген басқа тұлғалардың санаттарына;

ең төмен зейнетқыны алатын және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алатын зейнеткерлерге;

барлық санаттағы мүгедектерге;

онкологиялық аурумен ауыратындарға;

туберкулез ауруларына;

табиғи апат немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға);

аз қамтылған және көп балалы отбасылардың колледждерде оқитын студенттеріне;

аз қамтылған және көп балалы отбасылардың жоғарғы медициналық оқу орындарында оқитын студенттеріне.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қызын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіз болады:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған негіздер;

2) ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгіленбейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың бар болуы;

3) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан, азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру немесе әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

10. Әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) 9 мамыр - Женіс Күніне:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысының қатысуышыларына теңестірілген басқа тұлғалардың санаттарына;

2) Қарттар Күніне:

ең төмен зейнетақыны алатын және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алатын зейнеткерлерге;

3) Қазақстан Республикасының мүгедектер Күніне:

**он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға және 1, 2, 3 топтағы мүгедектерге.**

11. Әлеуметтік көмек өмірлік қызын жағдай туындаған кезде жылына бір рет келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

1) азаматтарға (отбасына) қызын тіршілік жағдайы туындаған кезде, азаматтың (отбасының) кірісіне байланыссыз:

"Еңбекшілдер ауданының орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының тізімі негізінде онкологиялық стационарда арнайы ем алудан өткен өтініш бойынша онкологиялық ауруларға он бес айлық есептік көрсеткіштерге тен;

"Еңбекшілдер ауданының орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының тізімі негізінде туберкулез ауруларымен ауыратын адамдарға ем алу ақысы он бес айлық есептік көрсеткіштерге тен;

2) азаматқа (отбасына) табиғи зілзала немесе өрт салдары келген жағдайда, ең төмен күнкөріс деңгейін есептемеген жағдайда, оқиға болғаннан кейін үш айдан

кешіктірмей берген өтініштері бойынша, азаматтарға (отбасыларға) бір рет жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

12. Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне ай сайын облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансфертер есебінен жұз пайыз мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі:

сумен, жылумен, электр қуатымен қамтамасыз ету, канализация, қоқыстарды жою үшін қызмет көрсетушілері берген тізілімдеріне сай алушының шоттарына;

байланыс қызметтері (абоненттік төлемақы), газбен қамтамасыз ету үшін алушылардың жеке шоттарына;

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне жылу беру маусымы кезеңінде қатты отын шығындары алушылардың жеке шоттарына аудару арқылы немесе сатып алынған қатты отынның түбіртегіне сәйкес өтеледі.

Женілдік Ұлы Отан соғысына қатысуышы қолданған кезеңге дейін, бірге тұратын және тіркелген барлық отбасы мүшелеріне де әлеуметтік көмек көрсетіледі.

13. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардың студенттеріне әлеуметтік көмек :

1) Ауылдық елді мекендерде тұратын аз қамтылған және көп балалы отбасылардың колледждерде ақы төлеу негізінде күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын студенттерге оқуын төлеуге арналған біржолғы көмек білім беру мекемесімен жасасқан келісім шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі, оқу орнынан берілген анықтаманың және көп балалы отбасы санатын растайтын анықтаманың немесе өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға жататынын растайтын анықтама негізінде жылына бір рет облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансфертер есебінен жылдық құнының жұз пайды

мөлшерінде.

2) Көп балалы отбасы екендігін дәлелдейтін анықтама немесе өтініш берушінің (отбасынаң) атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарынан екендігін дәлелдейтін анықтама негізінде, оқуды аяқтағаннан кейін Еңбекшілдер ауданының мемлекеттік медициналық мекемелерімен жұмысқа орналасу туралы келісім шартқа отырған жоғары медициналық оқу орындарында оқитын аз қамтылған және көп балалы отбасыдан шыққандарға оқуының соңғы курсын төлеу

ұшін.

14. Өмірдің қыын жағдайы туындаған кезде әлеуметтік көмек азаматтың (отбасының) ең төмен күнкөріс деңгейіне дейінгі жан басына шаққандағы орташа табысын есепке ала отырып жылына бір рет жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде келесі санаттардағы азаматтарға ұсынылады:

1) көп балалы отбасылар;

2) аз қамтылған азаматтар (отбасылар);

3) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеуші тұлғаларға.

15. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнағы комиссия анықтайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

### **3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

16. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның ұсынымы бойынша Еңбекшілдер ауданының әкімдігі бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

17. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округ әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

3) Үлгілік қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес отбасының құрамы туралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты

ұсынады.

18. Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

19. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

20. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидаларының 2, 3 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүктаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

21. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

22. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

23. Уәкілетті орган участелік комиссиядан немесе ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

24. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мәлшерін көрсетеді.

25. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидаларының 21 және 22 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

26. Уәкілетті орган шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып ) өтініш берушінің жазбаша хабардар етеді.

27. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

28. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;  
2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

29. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Еңбекшілдер ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер**

3 0 .      Ә л е у м е т т і к      к ө м е к :  
1 )      а л у ш ы      қ а й т ы с      б о л ғ а н ;

- 2) Еңбекшілдер ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;  
3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға  
ж і б е р г е н ;  
4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда  
т о қ т а т ы л а д ы .

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап  
т о қ т а т ы л а д ы .

31. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының  
заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтарылуға жатады.

## **5. Қорытынды ереже**

32. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды үәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана  
стырып жүргізеді.